



## Құрметті қарағандылықтар! Қымбатты балалар мен ата-аналар!

Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Балалар – еліміздің болашағы, сондықтан облыста жас ұрпақты дамыту мен тәрбиелеуге көп көңіл бөлінеді. Мектепке дейінгі тәрбие мәселесі шешіліп, балабақшалар салынууда. Жас ұрпақтың жаңа білім алуға, заман талабына сай дамуға мүмкіндігі мол. Оған мемлекет барынша жағдай жасап отыр, өйткені баланың білімі мен тәрбиесіне бөлінген көңіл – болашаққа салынған сенімді инвестиция.

Баланың ең сенімді қорғаны – тату-тәтті әрі салауатты отбасы. Жергілікті мемлекеттік мекемелер отбасы мен отбасылық құндылықтарды нығайту, ана мен баланы қорғау, баланың отбасында тұру құқығын қамтамасыз ету жолында көп жұмыс атқаруда. Мүмкіндігі шектеулі және ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға ерекше көңіл бөлініп жатыр.

Қымбатты балалар! Бұл мереке сіздерді бақытқа бөлесін, ал ересектерге сіздердің алдыңыздағы жауапкершілігің тағы да еске салғай.

Сіздерге мықты денсаулық, жарқын болашақ тілеймін!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Нұркен ҚОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

## • БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАҒА

# Жаңа аурухана – жарқын болашақ үшін

Кеше аймақтың денсаулық сақтау саласында ақжолтай жаңалық болды. Оңтүстік-Шығыс ауданында іргесі он жыл бұрын қаланған облыстық балалар клиникалық ауруханасы ашылды. Жаңа ғимаратта кілең жаңа жабдықтар. Аурухананың ескі ғимаратынан тек дәрігерлер мен балалар ғана келеді. Консультациялық емхана қазірдің өзінде істен тұр, ал аурухананың жұмысы 3 маусымнан басталады. Бұл Балаларды қорғау күні қарсаңында кішкентай пациенттер үшін үлкен сый болды.



**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа нысанды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы келіп, аралап шықты. Аурухана директоры Арғын Бидайбаев жаңа жабдықтарды көрсетті.

Мұнда бұрынғы ауруханада болған бөлімшелерден басқа, жаңадан травматология-ортопедия, нейрохирургия және жақ-бет сүйек бөлімшелері ашылады.

– Бұрын ондай науқастарды Астанаға немесе Х.Мақажанов атындағы клиникаға жіберетінбіз, енді өзіміз де емдей аламыз. Екі нейрохирург пен бір жақ-бет сүйек хирургы Израильге сосын Германияға оқуға барады. Олар жаңа аппараттармен жұмыс істеуді үйренуі тиіс, – деді Арғын Бидайбаев.

Денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенованың айтуынша, дәрігерлерді оқыту үшін жергілікті бюджеттен 200 млн. теңге бөлінген. Шетелдік мамандар да келіп, шеберлік сағатын өткізетін болады. Бұл ретте облыс әкімі дәрігерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, оқыту ісіне қолдау көрсететіндігін жеткізді.

– Енді сіздер аудандық аурухана маман-

дарын осында шақырып оқытуды қолға алуларыңыз керек, – деген Ермағанбет Бөлекпаев қала әкімі Мейрам Қожуховқа осы жерге аялдама салып, автобустардың келуін, сондай-ақ, тікұшақ қонатын алаң орнын анықтауды тапсырды.

– Мамандар жеткілікті, – дейді басқарма басшысы Бибігүл Төлегенова. – Қазіргі уақытта мұнда 128 педиатр, 136 медбике бар. Барлығы 430 адам жұмыс істейді. Жоспарлы ем, шұғыл көмек, барлығы жасалады. Жабдықтардың барлығы заманауи. КТ бар, МТР күзге қарай келеді. Жапониядан арнайы әкелінген жеті төсек бар. Ол күйік шалған балаларға арналған. Күйік шалған балалар жиі келеді. Төсек баланың терісі мен сүйегі ойылмауына ыңғайланған әрі бактерияларды зарарсыздандырады. Бірінші қабатта да, төртінші қабатта да реанимациялық палаталар бар. Операциялық палаталар автономды вентилициямен қамтамасыз етілген. Бұл «стаза жүйе» деп аталады. Ауруханада оқыту сыныптары да қарастырылған.

– Бір жылдары педиатрия бойынша оқыту тоқтап қалған болатын. Қазір ол қайта қолға алынды. Оқыту сыныптарында Қарағанды медицина университетінің

педиатрия факультетінде білім алатындар оқитын болады, – деді Б.Төлегенова.

Бүгінде аурухананы жабдықтау толығымен аяқталды. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен 6 млрд. теңге бөлінген болатын. Ал, аурухананың ескі ғимараты

дәрігерлерге арналған пәтерге айналды.

Ауруханада «Қамқорлық» балаларды оңалту орталығы ашылатынын да атап өту керек. Онда 3 жасқа дейін және 3 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту шаралары жасалады. Орталық айына 50 баланы қабылдауды жоспарлап отыр.

Бұдан да басқа жоспарлар баршылық екен. Бибігүл Райханқызының айтуынша, Пришахтинскідегі перинаталдық орталық та аурухана жанына көшіріледі.

– Биыл біз жаңа перинаталдық орталық жобасын қорғадық. Ол 12 перинаталдық орталық жобасына кірді. Оның құрылысы 2025 жылы басталады. Ол балалар ауруханасымен қатар болуы тиіс. Одан әрі қарай 14 гектар Қарағанды медицина университетінің клиникасының құрылысына бөлінді. Қазір оның құжаттары Денсаулық сақтау министрлігінде. Қорытындысы биыл келсе, құрылысы келесі жылы басталады, – деді басып.

Аурухана 200 балаға арналған. Сапалы медициналық көмек көрсету үшін барлық жағдай жасалғаны көрініп тұр.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## Құрметті оқушылар, ұстаздар, ата-аналар!

Сіздерді оқу жылының аяқталуымен құттықтаймыз! Бүгінгі күміс қоңырау үні Сіздер үшін балдәурен балалық артта қалып, жауапкершілігі мол азаматтық биікке көтерілудің белгісі сияқты. Жас түлектерге алдағы сынақтарда жоғары нәтижеге жетіп, еліміздің білікті де білімді маманы болуларыңызға тілектеспін. Бұл таңдау саналы түрде шешім қабылдауды, батыл қадам жасауды қажет етеді.

Біздің елімізде де, шетелде де мемлекеттік қызмет пен ірі компанияларда жоғары оқу орнын бітірген жастар табысты еңбек етуде. Бұл дарынды және мақсатты адамдардың өмірде әрқашан өз орнын табатынын растайды. Арманға берік, батыл, креативті болыңыздар. Естеріңізде болсын, қазіргі заманда білім ең құнды байлық!

Барша жас түлектерді алдағы сынақта жоғары нәтижеге жетіп, еліміздің білікті де білімді маманы болуларыңызға тілектеспін. Денсаулықтарыңыз мықты, келешектеріңіз кемел, болашақтарыңыз нұрлы болсын!

Үлкен өмірге басқан қадамдарыңызға сәттілік тілеймін!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Нұркен ҚОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	6 айға
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	5848,50 тг	
Жеке жазылушылар үшін	3100,50 тг	
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	6 айға
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	5919,00 тг	
Жеке жазылушылар үшін	3111,00 тг	

Қарағанды қ., Ермаков к., 33 8 қабат, 88 қаб.

Анықтама телефондары:  
Руслан – 8-775-482-22-02  
Ботагөз – 8-778-846-00-01  
Нұрсұлтан – 8-705-902-04-05  
Тел.: 43-57-89  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

## • ОЙ-ТАМЫЗЫҚ

# «Ананың көңілі – балада...»

**Назым ДУТБАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

«...Адам болар ұлынды, Жолдасынан танысын. Батыр болар балаңды, Тұлғасынан танысын. Жақсы болар балаңды, Ел қасынан танысын. Ырысты болар балаңды Мал баққаннан танысын».

Бұл – Жетісу ән мектебінің көрнекті өкілі Кенен Әзірбаевтың «Танысын» термесі. Терме жазылғалы қазақтың баласы да, балатану танымы да өзге де таным секілді көп өзгерді.

1990 жылдардың басында АҚШ социологтары Уильям Штраус пен Нил Хоуви әлеуметтану саласына жаңаша түсінік әкелді «Y ұрпақ, Z ұрпақ, Альфа ұрпақ» деген ұғымдарды негіздемеді болды. Жаңа ұрпақ келе жатыр деп адамзат буынын латын қарпімен белгіледі.

Ашық дереккөздерде көп талқыланған жүрген бұл тұжырымға сенсек, қазіргі балалар «Z» ұрпаққа жатады. Ал 2010 жылдан бері дүниеге келген балдырғандар «Альфа» ұрпаққа жатады екен. Біраз жылдан бері бала тәрбиесі тақырыбын зерттеп жүрген педагог Елжас Ертайұлының айтуынша, «Z», «Альфа» буындарының ең басты ерекшелігі – өте сезімтал екен. Педагог «Ақтөбе» газетіне берген сұхбатында: «Бала кезімізді еске түсірейікші, әке-шешеміз ұрысып, айқайласа да, олардың сөзін жүрекке ауыр қабылдамай, ойнап кететін



едік. Бір жылап алып, ренішті лезде ұмытатынбыз. Қазіргі балаға қабақ шытсаңыз, көзі жасаурап шыға келеді... Бүгінгі ұрпаққа «Біз осындай болып едік», «Біздің кезімізде ондай емес еді...» деп мақтанудың қажеті де жоқ. Біз – басқа буынның өкіліміз, балаларымыз – басқа буын. Сол себепті, соңғы буындағы ерекшеліктерді ескере отырып, олармен тиімді қарым-қатынас орнатуымыз керек», – дейді.

Шындығында да, бүгінгі әр ата-ана баласымен әңгімелескен соң бала тәрбиесіндегі бұрынғы әдіс-тәсілдің ескіргеніне көз жеткізеді. Қазіргі бала үшін ата-ана қулық емес, ата-ана да бұрынғы әке-шешедей көреген бола алмай қалды. Десе де, бұлардың әрқайсысы заман ағымына қарай дәурені дұрыс деп тапқан жолмен жүріп келеді. Тіпті, кей тұста ата-анаға бала жол сілтей алатынын да көріп жүрміз. Бұл өз кезегінде

ата-ананың заман талабына ілесуді біртіндеп үйреніп келе жатқанын аңғартса керек.

Қазақ арасында бала жайлы Абай Құнанбайұлының «Адамның бір қызы-

ғы – бала деген» сөзі жиі айтылады. Қазіргі қоғамның беталысы, дүниетанымның өзгеруі бала адамның бір қызығы ғана емес, ата-ананы заман талабына сай өзгерте алатын, ұрпақ алмасу процесінде тозған тәсілдерден бас тартып, жаңа, озық тәсілді игеруге жетелейтін риясыз, мөлдір жаратылыс иесі екенін алға тартып отыр. Баласы заманға, ата-ана баласына икемделіп, дәуір көші жаймен жылжып барады.





• ТАҒЫЛЫМ

# Құрбандар рухына тағзым

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде дипломатиялық миссия басшыларымен және жұртшылықпен бірге Спасск мемориалдық зиратындағы ескерткіш белгілерге гүл шоқтарын қойып, бабалар рухына тағзым етті. Еске алу рәсіміне Қарағанды облысына Еуроодақтың бірқатар елшіліктерінің өкілдері келгенін атап өткен жөн.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жерлерде 1930-1950 жылдары КСРО НКВД – ІІМ бөлімшелері, әскери тұтқындар мен жер аударғандарға арналған лагерлер, сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар болды.

Архив деректеріне сүйенсек, Спасск мемориалдық зиратында 50-ден астам ұлттың 5000-нан астам

өкілі жерленген. Атап айтсақ, 5152 әскери тұтқын және неміс, жапон, румын, австрия, поляк, итальян, фин, чех, словак, венгр жұртының және репрессияға ұшыраған кеңес азаматтары жерленген.

– Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде мұндай шараның өткізілуі – өте маңызды. Біз тарихты ұмытпауымыз керек. Тоталитарлық жүйе құрбандарының арасында қаншама

талантты жандар, біртуар ғалымдар, зиялыларымыз кетті. Біздің елдің де біраз азаматтарының тағдыры қазақ жерімен байланысты. Бірқатары осы қорымда жатыр. Өткенімізді саралап, оған әділ баға беру – парызымыз, – дейді Чехия республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Рудольф Гикл.

1987 жылдан бастап мемориал аумағында әр түрлі мемлекеттер ескерткіш белгілер орнатты. 1994 жылы француз, итальян және фин азаматтарына арналған мемориалдық ескерткіштер ашылды.

2004 жылы Спасск мемориалдық кешенінде Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Венгрия, Германия, Грузия, Италия, Израиль, Корея, Қырғызстан, Литва, Латвия, Молдова, Словакия, Польша, Ресей, Румыния, Украина, Финляндия, Франция, Жапония, Шешенстан, Испания, Эстония, Қарашай-Балқар, Иран, Чехия азаматтарына арналған 28 естелік белгі бар.



– Қуғын-сүргін және ашаршылық тақырыбын зерттеуді жалғастыру маңызды болып қала бермек. Ел Президентінің Жарлығы қабылданып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оналту жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаннан кейін ғылыми-зерттеу жұмысы жанданып, кешенді түрде жүргізіліп жатыр. Бұл – өте маңызды және дұрыс. Жакында ғана Қарағандыға сапары кезінде Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев ашаршылық туралы материалдар жинағының жаңа томдарының тұсауын кесті. Бұл – іргелі еңбек. Бұрын құпияланған құжаттар енді ғалымдарға және тарихқа қызығушылық танытқандардың барлығына қолжетімді болды, – «ҚАРЛАГ: Болашақ үшін естелік» жобасының авторы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков.

– Мен ол кезде төрт жаста едім. Қазір жасым 84-те. Бүкіл отбасым Қазақстанға жер аударылды. Еске алсам, денем түршігеді. Қыс мезгілі болатын. Олар өзімізбен бірге ештеңе алуға рұқсат бермеді. Адамдарды вагондарға күштеп тиеді. Көбісі жолды көтере алмай, бакилық болды. Қазақтар аман қалуымызға, қиындықтарға шыдауға көмектесті. Шексіз алғыс айтамын. Мен осында тұрақтап қалып, балаларымды жеткіздім. Қазір жеті немерем бар. Жыл сайын біз бұл мемориалға келіп, ата-бабаларымызды еске аламыз. Рухына бас иеміз. Бұл – адамзатқа ортақ қасірет, өйткені, көптеген ұлт өкілдеріне әсер етті. Бейбітшілік пен келісімді сақтап, даму үшін бұны ұмытпау және ұрпағымызға айта жүруіміз қажет, – дейді «Вайнах» қоғамдық бірлестігінің ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сулим Исакиев.

Шараға қатысқан түрлі ұлт өкілдерінің жүзінен өткен қасіретті күндерге, тағдырлы жылдарға, бабалар рухына деген шексіз құрметті көрді. Ойнап тұрған қобыздың зарлы үні де біраз жайттан хабар беріп, жүректерді елжіреткендей...

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Осакаров ауданы тұрғындарының назарына!



Қарағанды облысының әкімі  
**ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ**  
Осакаров ауданының тұрғындарымен кездеседі

(8-72149) 4-30-30  
жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)  
o.aldanysh@karaganda-region.gov.kz

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Осакаров ауданына барады. Өңір басшысы тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 2023 жылдың 1 маусымы күні сағат 14.00-де Осакаровка кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін) (8-72149) 4-30-30 телефоны арқылы және o.aldanysh@karaganda-region.gov.kz электрондық поштасы арқылы қалдыруға болады.



• КЕЗДЕСУ

# Еуроодақ мүшелері елге келді

Қарағанды облысына Еуроодақтың Қазақстандағы елшісі Кестутис Янкаускас бастаған Еуропалық Одаққа мүше елдердің делегациясы келді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қонақтармен кездесіп, қала-аудандардың инвестициялық тартымдылығы туралы айтып берді.

Облыста Еуроодақ елдерінің серіктестігімен 164 кәсіпорын жұмыс істейді. Шетелдік инвесторларды тарту үшін «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы және Саран қаласындағы индустриалық аймақ ауқымын кеңейтті. Мұнда резиденттер үшін салықтық және кедендік преференциялар, сондай-ақ қажетті инфрақұрылым қарастырылған.

– Қолайлы инвестициялық ахуал, бай шикізат базасы, облысымыздың стратегиялық тиімді географиялық орналасуы облыс экономикасына инвестициялардың келергісіз ағыны үшін оң ахуал туғызды. Сонымен қатар, өзара ынтымақтастық одан әрі арттыру үшін зор әлеует бар екеніне сенімдімін, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Еуроодақ елшілері Еуроодақ елдері мен Қазақстан арасындағы тауар айналымын арттыру үшін



көлік жүйесін кеңейту қажеттігі туралы айтты.

– Ең бастысы – байланыс орнату, яғни контейнерлерді, жүктерді тасымалдау. Біз Транска-

спий дәлізін пайдалану рәсімдерін жолға қою мүмкіндігін кеңейтуге назар аударуымыз керек. Еуроодақ пен Қазақстан өткен жылы өз қарым-қатынастарын қарқын-

ды дамытқанын атап өткім келеді. Біздің компаниялар тек өндірісті ғана емес, келуге, инвестициялауға және өндірісті құруға дайын. Бұл жана жұмыс орындарын ашуға

көмектеседі, – деді Кестутис Янкаускас.

Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Еуроодақ елшілері Спасск

мемориалындағы ескерткіш белгіге гүл шоқтарын қойды.

Өз тілшімізден  
Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Ынтымақтастық ырысты еселейді

Аймақта тұрмыстық техника шығарылатын болады. Ірі жоба Өзбекстан елінің компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылып отыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Өзбекстанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Саидкран Ниязходжаевпен кездесті.

Қасымхан ҒАЛЫМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Алқалы басқосуда екі ел арасындағы экономикалық байланысты нығайту мәселесі қаралды. Өңір басшысы Қарағанды облысының өнімдері әлемнің 54 еліне экспортталатынын айтты. Облыста сауда, құрылыс, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларында өзбекстандық серіктестермен бірлескен 25 кәсіпорын жұмыс істейді.

– Өзбекстанмен екіжақты ынтымақтастықтың сәтті үлгісі – Artel Electronics тұрмыстық техника өндіретін зауыт салу. 1500 жұмыс орын құра отырып, 21 млрд. теңгеден астам инвестиция салу жоспарлануда. Біз сіздердің елмен өзара тиімді сауда-эко-

– Біз ғасырлар бойғы достықты, өзара сенімді одан әрі нығайтуға бел будық. Мұнда аймақаралық байланыстың маңызы зор екенін атап өткім келеді. Бізде Қарағанды облысымен ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстар бар. Өзбекстанға ірі қара мал жеткізу мүмкіндігін қарастырымыз келеді, өйткені Қарағандының еті өте дәмді. Маусымаралық кезеңде сіздердің облыстарыңызға

• ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# Балқашта жаңа емхана ашылды

Балқаш қаласында жаңа емхана пайдалануға берілді. Медициналық мекеме Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы мен «ЕвроЭкспоцентр» ЖШС арасындағы мемлекеттік жеке әріптестік ынтымақтастық бойынша жеке инвестициялар есебінен салынды. Емхана бір ауысымда 200 келушіні қабылдауға шақталған. Нысанның құрылысына 400 млн. теңгеге жуық жеке инвестиция жұмсалған.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Емхананың ашылу салтанатында Балқаш қаласының әкімі Сапар Сағатаев тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Сонымен қатар, шаһар басшысы «ЕвроЭкспоцентр» ЖШС басшысы Сабит Мешековқа Алғыс хат табыстап, жаңа емханаға спорттық жаттығу құралдарын сыйға тартты. Сондай-ақ, Қарағанды облысы Денсаулық басқар-



масы басшысының орынбасары Қанат Баяндыұлы, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Жұманов сөз сөйлеп, жылы лебізін білдірді.

– Емхана құрылысы 2021 жылдың наурызында басталып, 2023 жылдың мамырында аяқталды. Жаңа емханада

19 мыңнан астам тұрғынды қабылдау жоспарлануда. Штатта 168 қызметкер, яғни 32 дәрігер, 96 орта медициналық персонал, 8 кіші медициналық персонал, 32 өзге персонал бар. Сонымен қатар, 15 дәрігерлік учаске жұмыс істейді. Отбасылық денсаулық кабинеттері, күндізгі стационар, оналту кабинеті, физио, дәрігерге дейінгі және қарау кабинеттері, зертханалық-диагностикалық қызмет қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін медициналық қызмет қолжетімді.

Арнайы жолдар, мүгедектер арбасына арналған арнайы көтергіш, лифт, жүріп-тұруды жеңілдететін арнайы құрылғылар бар, – дейді емхана директоры Айнагүл Күлембаева.

Тұрғындар Балқаш қаласында жаңа емхананы пайдалануға беру медициналық қызметтерді сапалы көрсетуге және халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретіндігіне сенім білдірді.  
**БАЛҚАШ**



номикалық ынтымақтастықты жалғастыруға мүдделіміз. Бірлескен бизнес үшін қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, – деп атап өтті Ермағанбет Қабулаұлы.

Былтыр Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 30 пайызға өсіп, 5 млрд. АҚШ долларын құрады. Дипломаттың айтуынша, алдағы жылдары бұл соманы екі есеге арттыру міндеті қойылған.

ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуге дайынбыз. Өз кезегінде, сіздің фермерлеріңізден картоп сатып аламыз, – деді Саидкран Ниязходжаев.

Ол құрылыс саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуде, бірлескен туризмді дамытуда перспектива бар деп санайды.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ҚҰНДЫЛЫҚ

# Салт-дәстүр ұғымының құрылымы

Жаһандану кезеңінде өз тарихынан алыстаған елдердің ұлттық қауіпсіздігі мен рухани саласына кері әсерін тигізетін терең әлеуметтік-мәдени дағдарыстар орын алуда. Дағдарыс, қоғамның барлық салаларын деструктивті ақпараттармен толтырып, адамдардың күнделікті өмірдегі санасы мен мінез-құлықтарын өзгертуде. Бұл өзгерістердің бір себебі дамыған елдерге дамушы елдер еліктейді, бірақ, дамушы елдер дамыған елдердің ғылыми технологиялық жетістіктерін емес, бұқаралық мәдениет тудыраған мәңгісіз дүниелерін соқыр көшіріп, өздерінің ежелден келе жатқан құндылықтарын тәркі етуінде.

Құндылықтарға фольклор, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б. жатады. Осы құндылықтардан ұлттық рух қалыптасады. Ұлттық рух – өткізгі әдеттерге бағынбайтын ерекше сала. Ұлттық рух ұғымы діл (менталитет) деп те аталады.

Халықтың мәдениетін қарастырғанда алдымен оның салт-дәстүр жүйесіне ерекше мән беру қажет. Салт-дәстүр ұлттық ерекшеліктің маңызды элементі әрі ұлттық бірегейліктің тарихи-мәдени және рухани әлеуметтік қырны камтитын құрамдас бөлігі.

Дәстүрдің тарихи-мәдени қыры оның сан мындаған жылдар бойы ежелгі дәуірден бүгінге дейін жалғасын тауып ұлттық болмыс, тұр-

мыс-тіршілікпен біте қайнасса, ал, рухани-әлеуметтік қыры идеялық және практикалық маңыздымен салаласып келіп, бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың ұлттық рухты қалыптастырудағы ролі мен маңызы ерекше.

Әдет және ғұрып ұғымдары күнделікті өмір-тіршілік пен салттарды атқару барысында бір жүйеге түскен, ұлттық таным негізінде орындалатын нормалар мен талаптар.

Этностың әдет-ғұрыптан тыс, сырттан, өзге халықтан енген мәдени құбылыстар да бірте-бірте әдетке айналып отырады.

Салт – сырттан да, ұлттың өз ішінен де шығатын, белгілі бір нормалардың жеке-жеке көрінісі бола отырып, тұрмыста үш-төрт ұрпақ бойы қолданыста болып, ұлттық таным-талғаммен үндесе келе, белгілі бір деңгейде мәдени-әлеуметтік тұғырды иеленіп, жалпылама ұғым – дәстүр ауқымына еніп, орнығып ұлттың шынайы рухани-мәдени, әлеуметтік-практикалық имманентті болмысына сәйкестенеді.

Дәстүр ұғымы «сабақтастық», «мәдени мұра», «төлтуғалық», «ерекшелік» түсініктерімен тығыз байланысты.

«Сабақтастық» – тарихи-мәдени тәжірибе процесіндегі жана мен ескі арасындағы объективті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің

үдемелі дамуының алғышарты.

Испан ғалымы Х.Ортега-и-Гассет «Бұқараның көтерілісі» кітабының алғы сөзінде сабақтастықты адам баласының алғашқы құқығы және адамның мәнін анықтайтын құндылық екеніне ерекше назар аударған.

«Мұра» – бұл уақыт ағымында өзгермейтін ұрпақтардың рухани дамуының іргетасы болып табылатын рухани және материалдық мәдениет.

«Төлтуғалық» өзіндік дамуға бағытталған қоғамның динамикалық принципі, оның «өмірлік ядросы». Нағыз мәдениет төлтуғалықпен, бірегейлігімен (идентичность-identity) дараланады. Өзінің төлтуға мәдениетінен алыстаған халық А.Сейдімбектің сөзімен айтқанда «еліктеуге, қайталауға жақын болады.

«Ерекшелік» кез келген құбылыстың өзгеге ұқсамайтын өзіне тән өзгешелігін көп жағдайда локальдық (жергілікті, оқшау) нормаларды, әдет-ғұрыптарды, құндылықтар мен жүріс-тұрыс бітімдерін сипаттау барысында кең қолданылады.

Салт-дәстүрдің мәні мен әлеуметтік маңызы оның қоғамдық өмірдегі атқаратын әлеуметтік, интегративтік, реттеушілік, коммуникативтік, әлеуметтік-психологиялық, идеялық-тәрбиелік және т.б. қызметтерінен көрінеді. Дәстүр мен әдет-ғұрыптың құрылымына адамгершілік, саяси, эстетикалық, діни,

идеялық мазмұн, ережелер, қалыптар (нормалар) мен принциптер, тұлғаның саяси және рухани қасиеттері – көзқарасы, сезімі, қажеттілігі мен идеалдары (арман-аңсары) кіреді.

Неміс ағартушысы И.Г.Гердер салт-дәстүрді – тіл мен мәдениеттің бастауы деп санаған. Оның пікірінше, дәстүр, жазба мәдениет пен азаматтық қоғам қалыптасқанға дейінгі аралықтағы мәдениетті тасымалдауда маңызды роль атқарған.

Фашистік идеологияның негізін салушы А.Гитлердің кеңесшісі Й.Гейбельс: «Кез келген халықтың тарихын жойсаңыз, сонда ол халықтың келесі ұрпағы тобырға айналады. Екінші сатысында олар табынға айналады. Содан ол халықты қалай ұстағыңыз келсе, солай игере бересіз», – деп, ұлттың дәстүрін ұмыттыру арқылы ұлтты қалай бағындыруға болатындығын түсіндірген.

Олай болса, ұлттық болмысты сақтауда ерекше қызмет атқаратын салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты заманның талабына сай дер кезінде бейімдеу маңызды.

**ЖАРҚЫН ТҮСПЕБЕКОВ,**  
**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ**  
**ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР**  
**КАФЕДРАСЫНЫҢ АГА ОҚЫТУШЫСЫ** Д

• ТАҒЫМ

## Қаралы күндер қасіреті – жұрт жадында

**31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында Балқашта бірнеше іс-шара өтті. Шағын шаһардың тұрғындары Литва, Жапон, Эстония елдерінің елшілігінен келген өкілдер БалқашЛапта, қаладағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған ескерткіштің және ашаршылық құрбандарына қойылған белгінін басына барып, гүл шоқтарын қойып, тағзым жасады.**

ген құпия әрекеттер әшкереленіп, отаршыл үкіметке батыл сын да айтылып жүр. Біз жасап жатқан іс әкемізге, анамызға, барша құрбандарға жасалған құрмет деп білемін, – дейді Вильносо университетінің профессоры, жобаның архитекто-

Айта кетейік, ҚарЛаптың бөлімшесі БалқашЛапта 1940 жылдары – 650 адам болса, кейін тұтқындар саны 3-4 мыңға жетті. Қазақстанда жапонның 1394 әскери тұтқыны жерленген. Соның елу бірінің жаны БалқашЛапта жай тапқан.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



талай отбасының шаңырағын ортасына түсірді. Менің әкем мен анам жазықсыз жазаланып, осы БалқашЛапта жазасын өтеген. Қазір отаршыл үкімет жүргізген солақай саясат пен қатыгездік, теңсіздік, зұлымдыққа негіздел-

ры Альгис Вишнянос. Қатысушылар саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, олардың аруағына арнап Балқаш қаласының бас имамы Нұрболат Сейілханұлы Құран оқыды.

Бұдан бөлек әзірге есімі белгілі 271 кәріс ұлтының өкілі, 250 литвалық және басқа да өзге ұлт өкілдері қаралы жылдардың қасіретін Балқаш жерінде басынан кешірді.

**БАЛҚАШ**

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Тәрбие басы – балабақша

Бала үшін бас ұстаз – ата-ана екенін ескерсек, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс. Адамды тәрбиелеу өте ұзақ әрі күрделі процесс. Жеке тұлға ретінде қалыптасу, рухани жағынан даму бала кезден бастау алады. Отбасы – тұлға қалыптастырушы бесік. Осы орайда бала тәрбиелеу балабақшадан бастау алатынын ескеріп, «Балбөбек» бақшасында отбасыларға арналған сайыс өтті.



Отбасы мен бөбекжай арасындағы байланысты күшейтіп, бірлесіп жұмыс жүргізу, мерекелік іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру – балабақшаның басты міндеті. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда отбасының ролі басым екені мәлім. Әрбір пе-

дагог ата-анамен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді қолданып, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата-аналардың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы да өзгереді деген сөзсіз.

Қарағандыдағы «Балбөбек» бөбекжайында «Әкем менің – мақтаным!» атты балалар тобы арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ата-аналардың дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығын қалыптастыру, балаларымен бірге белсенді уақыт өткі-

зу, бала үшін әке ролінің маңызын қалыптастыру мақсатында спорттық сайыс өткізілді. Отбасылық спорттық жарыста ата-аналар жылдамдығын, ептілігін, ұйымшылдығын көрсете білді.

Сайысқа «Құлыншақ», «Ботакан», «Еркетай» топтарынан бірнеше отбасы қатысты. Отбасылар 3 топты құрады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы Тілек Сәрсекеева тәрбиешілермен бірлесіп, топ тәрбиеленушілердің әкелеріне арнап ойындар, эстафеталар дайындады. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерден өтті.

Әкеден тәлім алған әр баланың болашағы жарқын болады. Әкесінің бойынан көрген намыс-жігерді, жеңіске деген ұмтылысты көріп өскен бала маңызды жетістіктерге жете алады. Спорттық сайыс соңында қатысушылар грамоталармен марапатталды.

**К.ӘУБӘКІРОВА,**  
**Ж.ҚАСЫМОВА,**  
**«Балбөбек» бөбекжайы**  
**тәрбиешілері**

**ҚАРАҒАНДЫ**

Еске алу

2023 жылдың 2 маусымында ардақты анамыз **Раушан РАХЫМЖАНҚЫЗЫНЫҢ** 86 жас туған күнін тойлар едік, амал нешік, ортамызда бақылық болғанына 5 ай болады. Анамызды сағынышпен еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы мамық болсын.

Анажан шаңыраққа болдың пана,  
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.  
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда,  
Сағындық, ана, сізді баршамыз да.



Жан-ана, ұл-қыздың тірегі едің,  
Тірі болсаң жарқылдап жүрес едің.  
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда,  
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Еске алушылар: **туыстары, балалары.**

№235

**ХАБАРЛАНДЫРУ**  
**(жария талқылау)**

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 9 маусымнан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен **«Нұрқазған БФ қажеттіліктері үшін «Солтүстік Нұрқазған» қарьерінің аршыма тау жыныстары үйіндісінен саз балшықты топырақ тиесу»** жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ақтау а. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС  
Өкілі: А.А. Усманова, байланыстар: тел. 8(7212) 95-71-35  
Әзірлеуші: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты.  
Өкілі: Н.Ж. Темірбаев, байланыстар: 8(777) 275 7969, эл. мекенжайы: Nurbeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары ecorportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://idp.ecorportal.kz> сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Nurbeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және тел. 8(777) 275 7969.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**  
**(публичные обсуждения)**

ОО «Корпорация Казакмыс» сообщает, что с 9 июня 2023 года проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту **«Отгрузка глинистого грунта с отвала вскрышных пород карьера «Северный Нурказган» для нужд Нурказганской ОФ»** с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, поселок Ақтау.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казакмыс». Представитель: Усманова А. А., контакты: тел. 8(7212) 95-71-35.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казакмыс».

Представитель: Темірбаев Н.Ж., контакты 8(777) 275 7969, эл. адрес: Nurbeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecorportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://idp.ecorportal.kz>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Nurbeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz и номеру тел. 8(777) 275 7969.

Д

**Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Арнамыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы: [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)**

Д

• БАЙҚАУ

## «Шырақ» жас ақындар шырағын жақты

Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде, Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөліміне қарасты **«Шырақ»** тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен **«Тілім менің – тірлігімнің айғағы!»** атты жастар арасында қалалық жыр мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.



Жыл сайын өтетін бұл мүшәйраға өлеңге талабы бар 18-35 жас аралығындағы жастар қатысты. 20-ға тарта үміткер арасынан үздік жылдамдығын, ептілігін, ұйымшылдығын көрсете білді.

Мүбәрәк, II орынды – Әлихан Құлжа, III орынды Толғанай Айтболатқызы иеленді.

Ал, ынталандыру сыйлығы Серікбол Болатхан, Ерсултан Нұртай және Бектас Жұманға бұйырды.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,  
Еуразия ұлттық университетінің  
II курс студенті

Байқау қорытындысында, Бас жүлдені – ақын, ұстаз Қайрат Иманбек, I орынды – Еркебұлан

Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Рауан Азаматұлы Тарановқа орны толмас ауыр қазна әкесі **Азамат Таранұлы ТАРАННЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.





# Балаға керегі махаббат қана



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

орын алған жағдайда да аталған органға жүгінуге болады. Жалпы, ресми мәліметтер облыс мектептерінде буллингке қатысты оқиғалар тіркелмегенін көрсетеді. Бұл аталған мәселеге бей-жай қарау керек деген емес. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Жастар кеңесі өткізген «Буллинг менің мектебімде жоқ» атты вебинардан кейін балалардан бірнеше қоңырау түскен.

– Жағдай ауызша қорқытудан басталған. Бірақ, тез арада жауап қатып, буллинг жасаған балалармен сөйлескеннен кейін мәселені тез арада шешуге мүмкіндік туды. Ал, балалар болса, өзара сөйлесіп, жанжалды шешті, – дейді Ирина Киселева.

Бұлар – балабақшадағы және мектептегі жағдайлар. Өкінішке қарай, бала құқықтары қоғамның маңызды аспектісі және оны қорғау жалпымемлекеттік міндет болғанымен, отбасында бала құқығына нұқсан келтіру жағдайлары бар екенін айтады уәкіл.

– Ата-аналардың өздері немесе қамқоршылар баланың құқығын шектейді. Оған өз пікірін білдіруге мүмкіндік бермегені өз алдына, ойыннан және бос уақытынан айырып, физикалық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылыққа ұшыратады, – дейді Ирина Болеславовна.

Ықылым заманнан қазақ баласын төбесіне көтеріп, ұлттың болашағы, тағдыры деп қарады. «Ұлды ұлша тәрбиелесең – ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болады» (А.Байтұрсынұв) деп, бала тәрбиесіне ерекше қарағаны өз алдына, қауіпсіздігіне де жете мән берді. Қазір заман да, заң да басқа. Бірине топырақ шашқан емес, дегенмен, обалы нешік, енді ғана көктеген көкөрімдердің жауы алыстан емес, жақыннан келгенін көзіміз көріп, жағамызды ұстап та жүрміз. Осы орайда «Қазақстандық балалардың, оның ішінде қарағандылық балалардың қандай құқықтары бар? Болған күнде қалай қорғалады? Өзегінен шыққан сабиін қорғауға келгенде ата-ана әрекеті қандай болмақ?» деген сұраққа жауап іздеп көрдік... Себебі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі «Біз Қазақстандағы барлық балалардың бақытты болашағын қамтамасыз етуіміз керек. Біз әр баланың үніне құлақ асуымыз қажет» деп, қадап айтқаны бар.

Салтанат ІПНЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Құндылықтарыңыз қандай? Осы құндылықтар бағамында балаңыз нешінші орында? Осы жайлы ойлап көрдіңіз бе? Ата-ана немқұрайдылығынан бала зардап шегіп жүрген жоқ па деп, бір мезет ойланған да жөн, – дейді Ирина Болеславовна.

Ирина Киселева сондай-ақ, ересектер алдымен баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін де айтады. Ол үшін зорлық-зомбылықсыз және балалар үшін қауіпсіз орта құру. Бұл, алдымен физикалық, эмоционалдық және жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғауды және цифрлық кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз

етуді қамтиды. Ал, бала құқығы бұзылған жағдайда кез келген ата-ана уәкілетті органға, яғни бала құқығы жөніндегі уәкілге жүгіне алады.

Мәселен, дәл осы органның араласуымен балаға қатысты жасалған қатыгездік фактілері расталып, қылмыстық іс қозғалған. Ирина Болеславовна балабақшадағы қатгездікке байланысты 10 өтінішті қарағанын айтады. Нәтижесінде, кінәлілер жұмыстан шығарылған. Уәкіл бүгінде зорлық-зомбылыққа нәтижелі төзімділікті қалыптастыру бойынша жұмыс жүріп жатқанын да жеткізді. Одан бөлек, мектепте буллинг

## • БАЙҚАУ

### «Жүйріктен жүйрік озар...»

«Сарыарқа дарыны» орталығы және Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында облыстық «Жігіт сұлтаны – 2023» байқауы өтті.

«Жігіт сұлтаны» байқауы үш аталым бойынша өтті. «Өзге емес өзім айтам өз жайымда» аталымында қатысушылар қазылар алқасына өздерін таныстырса, «Өнерге әркімнің ақ бар таласы» аталымында өнерін көрсетті. Ал, «Бар ізгілік тек білімнен алынар» бағытында қазақтың тарихынан, әдебиетінен, салт-дәстүрлерінен, ұлттық спорт ойындары жайлы түрлі сұрақтарға жауап беріп, білім деңгейін байқатты.

20-ға жуық студенттің ақтық сынға ең үздік деген 10 жігіт тандап алынды.


Бас жүлдеге Қарағанды көлік-технологиялық колледжінің студенті Ұлан Қазыл ие болса, I орын Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Дәулет Ошаққа, II орын Қарағанды жоғары медицина колледжінің студенті Бекары Сағымбекке, III орын Қазтуғынұодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің студенті Қазыбек Түрсынғазыға бұйырды.

Ардақ ӘДІЛБАЕВ,  
«Сарыарқа дарыны»  
балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері

## • МҮШӘЙРА

### Қасіретті жырлар қасиетті шаңырақта оқылды

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жарияланған «Қасіретті Қар.Лаг» республикалық жыр мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттау шарасы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында өтті. Байқауды Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, ақын Жанат Жанқашұлы мен ақын Асхат Қажытай ұйымдастырды.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мүшәйра өткенге салауат айтып, тарих ақпаңдақтарына бүгінгі көзқараспен әділ баға беру, поэзия арқылы тарихымызды назихаттап, қасіретті жырларға ел назарын аударуды көздеді. Шараның мұражайда өтуі, қасіретті жырлардың қасиетті шаңырақта оқылуы да тегін емес. Қонақтар мұндағы тарихи жәдігерлермен танысып, қасіретті жылдарға сапар шекті.

Жалпы, мүшәйраға еліміздің әр аймағынан 30-ға тарта шайыр өлең жолдаған. Әр үміткер Ережеге сай бұрын еш жерде жарияланбаған Қар-Лаг қасіреті мен Алаш арыстарының біріне арнаған және еркін тақырыптағы үш өлеңін жолдады. Салтанатты шараға алғашқы іріктеу кезеңінен өткен тоғыз ақын шақырылды.

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иесі Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбай марапаттау шарасына арнайы қатысып, жас ақындардың жы-

рын тындап, батасын берді. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, жазықсыз жапа шеккен бабалар рухына тағзым етті.

Ғалым Жайлыбай – «Қара орамал» поэмасы арқылы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықты жеріне жеткізе жырлаған ақын. Бұл кітап әлемнің 16 тіліне аударылып, әлемдік деңгейде елдің қызулығын туғызып, сұранысқа ие болғанын атап өткен жөн.

– Қарағанды облысы аумағындағы Шет ауданы, Бұрма, Көктіңкөл, Бидайық Жанаарқаға дейінгі жер ҚарЛаг-тың жері болған. Небір құрылыстар салынған. Бір жарым миллион адам тұтқында болыпты. Мұнда небір асылдар отырған. Мыңға тарта әртіс, 362 пиянисты, көптеген ақын, жазушылар осында өмір сүрген. Неміс, поляк болсын, өзге этнос өкілдері сол жылдарда қазақтардан көрген жақсылығын үнемі айтып отырады. Сондықтан, бұл – күрделі тақырып. Республика-

лық мүшәйра – бастамасы. Алдағы уақытта дәстүрлі түрде түрлі ауқымды байқаулар ұйымдастырылуы қажет, – деді Ғалым Жайлыбай.

Қазылар алқасы құрамында Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай, Қойлыбай Асан, Жаная Жапырақ, Жанат Жанқашұлы болды.

Байқау қорытындысында, I орынды – Мирас Асан (Астана), II орынды – Ұмтыл Зарыққан (Астана), ал, III орынды – Кенесбай Нұрбек (Павлодар) жеңіп алды.

Бұдан бөлек, Назгүл Бердіқожаға (Қызылорда), Олжас Қасымға (Астана), Батырлан Сағынтайға (Қостанай) арнайы жүлде табысталды.

Ал, жерлестеріміз Ерік Нарын мен Дмитрий Пхендаға, Сесім Мергенбайға (Шымкент) ынталандыру сыйлығы бұйырды. Іс-шара соңында Жанат Жанқашұлы сөз сөйлеп, қатысушыларға, оқырмандарға алғыс айтты. Байқауға келіп түскен шығармаларға топталды. Қолдау көрсеткен қала әкімдігіне ризашылығын білдірді.

## • КОНФЕРЕНЦИЯ

### Ашаршылық ақиқаты айтылған жиын

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің кітапханасында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «XX ғ. 20-50 жылдардағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін тарихы: жаңа мұрағат деректері және зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға шетел және ел ғалымдары, қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпағы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты.


Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараны Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов пен университеттің Басқарма төрағасы – ректор Нұрлан Дулатбеков ашып, жүргізді. Олар атаулы күнге орай өткізілген конференцияның маңызына тоқталып өтті.

Жиында XX ғасырдың 20-50 жылдары аралығында Қазақстанда болған жаппай саяси қуғын-сүргінге байланысты мұқият зерделенген тарихи оқиғалар талқыланды. Оған қоса, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси ақтаудағы ғылыми-әдістемелік проблемалар аталды.

Шара барысында университет ғалымдары архив қызметкерлерімен бірге құрастырған «1920-1950 жж. Орталық Қазақстандағы репрессиялар» мұрағат құжаттары жинағының құрамына кірген «1920-1950 жж. Орталық Қазақстандағы репрессиялар» мұрағат құжаттарының негізгі бөлігі алғаш рет ғылыми айналымға енген. Онда Орталық Қазақстандағы қуғын-сүргін саясатын жүзеге асырудың, халықтарды кәмпескеулеу мен жер аударудың аймақтық ерекшеліктері туралы мәліметтер қамтылған. Жинақта Қарағанды облысының Мемлекеттік мұрағаты, ҚР Президентінің мұрағаты және ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты қорында анықталған құжаттар берілген.

«1920-1950 жж. Орталық Қазақстандағы репрессиялар»



мұрағат құжаттары жинағының даналары Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығына және Н.Гольц атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханаға берілді. Мұрағат жинағы кейіннен облыстың кітап сақтау қоймаларына бекітіледі.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма төрағасы – ректор Нұрлан Дулатбековтің айтуынша, жаңа мұрағаттық деректер мен зерттеулер елдегі репрессияның тарихи бейнесін қалпына келтіруге және түсінігімізді кеңейтуге ықпал етеді, мұндай игі

іс ары қарай жалғасады. Университет ғалымдары Қарағанды облысы әкімдігі мен ішкі саясат басқармасының қолдауымен зерттеу тақырыбы бойынша Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатынан және аудандық мұрағаттардан деректер жинақтап, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргіз-

гендігін атап өткен жөн. – Бұл халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткенді есте сақтауға жасалған маңызды қадам болды. Көптеген адамның тағдырына әсер еткен күрделі тарихи оқиғалардың толық бейнесін қалыптастыруға ықпал етті. Ол қоғамның тарихи санасын байытуды маңызды рөл атқарады және толеранттылықты, Қазақстанның тарихи мұрасына түсіністік пен құрметті қалыптастыруға ықпал етеді, – деп түйіндеді ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС  
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИН  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА  
Бас редактор –  
Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Н.С. ДҮТБҒАЙ  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Прозасеркс: 8-702-293-1370  
Қаржаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJ8KZXX БИН 000840001412  
Таралымы 5 885  
№60 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.  
Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР